**Н.БББ 8.3/8.1-2025-13-01**

**АҚ «Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»**

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**6В07220 Азық-түлік өнімдері технологиясы**
*код және білім беру бағдарламасының атауы*

**Дәрежесі:** *бакалавриат*

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Директорлар кеңесімен бекітілген
«___» 05 20 25 ж. хаттама № 9

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Ғылыми кеңесімен ұсынылған
«27» 05 20 25 ж. хаттама № 7

**Астана - 2026**

© «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ зияткерлік меншігі болып табылады
Қайта басып шығаруға және/немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

## МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| Алғы сөз | 3 |
| Келісу парағы | 4 |
| 1 Білім беру бағдарламасының паспорты | 5 |
| 2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы | 5 |
| 3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар | 6 |
| 4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor) | 7 |
| 5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы | 7 |
| 6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері | 9 |
| 7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы | 14 |
| 8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру | 45 |
| 9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру | 49 |
| 10 Түлек моделі | 51 |
| 11 Типтік оқу жоспары (ББББ-ға қосымша) | 53 |
| 12 Сараптамалық қорытынды | |

## Алғысөз

«6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2-бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің/Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, сондай-ақ «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2018 жылғы 24 қазанындағы № 289 бұйрығымен бекітілген кәсіби стандарттар негізінде әзірленген:
2018 жылғы 24 қазанындағы «Дайындалған тамақ өнімдерінің және жартылай фабрикаттардың өндірісі», 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы «Қоғамдық тамақтану өнімдерінің өндірісі», Қазақстан Республикасының жаңа мамандықтар мен құзыреттіліктер атласы «Ауыл шаруашылығы (Экоқаптама маманы)»; Өңірлік стандарттар «Нутрициолог-диетолог» (Батыс Қазақстан облысы) және «Рециклинг-технолог» (Ақтөбе облысы).

«6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы 2026 жылғы «02» 09 Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданданған, хаттама № 3
Төраға Э. Аскарбеков _____

«6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «19» 12 технологиялық факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 3
Төраға Ж.Сафуани _____

«6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «19» 12 «Технология және стандарттау» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 5
Кафедра меңгерушісі С.Байтукенова _____

## Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы «6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы»

**МАҚҰЛДАНДЫ:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор | Э. Аскарбеков | "22" 01 | 2026ж. |
| ББББ басқармасының басшысы | Б. Баядилова | "22" 01 | 2026 ж. |
| «Нәрлі ЛТД» ЖШС басшысының орынбасары | Д.Сыдыков | "19" 12 | 2025 г. |
| «Capital managment» ЖШС басшысы | Д.Бахтиярова | "19" 12 | 2025 ж. |
| «Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ҒЗИ» ЖШС төрағасы | Ж.Уразбаев | "19" 12 | 2025 ж. |
| «Экологиялық және өнеркәсіптік биотехнология ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС бас директоры | А. Үсенова | "19" 12 | 2025 ж. |
| «Қазақстан Халал Индустриясы Қауымдастығының» ЗТБ төрағасы | М.Сарсенбаев | "19" 12 | 2025 ж. |
| Білім алушы ТППрод-242 | З.Дуйсембаева | "19" 12 | 2025 ж. |

МО

МП

## 1 Білім беру бағдарламасының паспорты

| | |
|---|---|
| Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі | 6 |
| Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)бойынша деңгейі | 6 |
| Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі | 6 |
| Білім беру саласының коды және атауы | 6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары |
| Дайындау бағыты | 6В072 Өндірістік және өңдеу салалары |
| Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы | В068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі |
| ББББ коды және атауы | 6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы |
| ББББ бейіні | Жоғары инженерлік білім |
| ББББ мақсаты | Қазіргі заманғы экономика мен нарықтың талаптарына жауап беретін, кәсіби және әлеуметтік құзыреттерге ие, тамақ өндірісі және қоғамдық тамақтану саласында бәсекеге қабілетті, кәсіби кадрларды даярлау |
| ББББ аяқталу өлшемі | 240 академиялық кредит |
| ББББ оқу тілі | Орыс тілі, қазақ тілі |
| ББББ айрықша ерекшеліктері | Жоқ |
| Серіктес ЖОО | Жоқ |

## 2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

| | |
|---|---|
| Берілетін дәреже | «6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры |
| Кәсіби қызмет саласы (сферасы) | - ұйымдастырушылық және басқарушылық<br>- өндірістік-технологиялық<br>- ғылыми-зерттеу<br>- проектік |
| Кәсіби қызмет түрлері | Өндірістік және технологиялық<br>- тамақ өндірісі мен қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру мен технологиялық процестерді жетілдіру;<br>-өндірілетін тамақ өнімдерінің сапасын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылау және бағалау;<br>Ұйымдастырушылық және басқарушылық<br>-тамақ және өңдеу өнеркәсібі өнімдерін өндірудің технологиялық схемаларын басқару, ұйымдастыру және кәсіпорындарда қолдану;<br>Проектік<br>-тамақ өндірісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын жобалау және қайта құру;<br>Ғылыми-зерттеу<br>- тамақ өнеркәсібіндегі ғылым мен инновациялар саласындағы отандық және шетелдік тәжірибені, ақпаратты зерделеу, талдау және қолдану. |
| Кәсіби қызмет | Ет, сүт, балық және басқа да азық-түлік өнімдерін өндіретін |

| | |
|---|---|
| нысаны | кәсіпорындар, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны. Ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдары |
| Кәсіби қызмет міндеттері | - өндірістің технологиялық процестерінің параметрлерінің сақталуын қадағалау және қамтамасыз ету, олардың бұзылу себептерін жедел анықтау және жою;<br>- нормативтік құжаттамаға сәйкес шикізаттың, қосалқы материалдардың, ыдыстардың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің физикалық-химиялық сапасын бақылауды жүзеге асыру;<br>- тамақ өндірісіндегі технологиялық процестерді бақылау;<br>- тамақ өндірісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында өнімдерді өндірудің рецептуралары мен технологиялық режимдерінің сақталуын бақылау;<br>- тамақ өнімдерін өндіру және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы технологиялық жабдықтардың жұмысын бақылау;<br>- тамақ өнімдерінің жаңа технологиялары мен ассортиментін дамыту;<br>- тамақ өндірісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында өндіріс тиімділігін арттыруды ұйымдастыру және жоспарлау;<br>- тамақ өнімдерін өндіру және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында санитарлық нормалар мен талаптардың сақталуын бақылау;<br>- тамақ өнімдерін өндіру және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының нормативтік-техникалық құжаттамасын әзірлеу |

## 3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

| Цикл және пән атаулары | Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы |
|---|---|
| **Жалпы білім беретін пәндер циклы (ЖББП)** | **56** |
| Міндетті компонент | 51 |
| Жоғары оқу орны компоненті | 5 |
| **Базалық пәндер циклы (БаП)** | **94** |
| Жоғары оқу орны компоненті | 44 |
| Таңдау компоненті | 45 |
| Кәсіптік практика | 7 |
| **Бейіндеуші пәндер циклы (БеП)** | **82** |
| Жоғары оқу орны компоненті | 15 |
| Таңдау компоненті | 55 |
| Кәсіптік практика | 12 |
| **Қорытынды аттестаттау** | **8** |
| **Барлығы** | **240** |

## 4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)

4.1 Minor «Жасанды интеллектті қолданудың заманауи аспектілері»

| Пәндердің атауы | Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы |
|---|---|
| Жасанды интеллектке кіріспе | 5 |
| Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу | 5 |
| Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект | 5 |
| Барлығы | 15 |

**5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «6В07220 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы»**

| Құзыреттілік түрі | Оқыту нәтижесінің коды | Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша) |
|---|---|---|
| Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | ОНЖББК1 | Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады |
| | ОНЖББК2 | Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады |
| | ОН 1 | Экономика, құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері саласындағы құзыреттерді, сондай-ақ кәсіптік қызметте кәсіпкерлік дағдылар мен қаржылық сауаттылықты дамыта алады |
| | ОН 2 | Математикалық талдау әдістерін, механика мен техниканың жалпы заңдылықтарын негізгі пәндерді табысты оқу және кәсіби қызметте пайдалану үшін қолдана алады |
| | ОН 3 | Тамақ өндірісі саласындағы кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық дағдыларды (негізгі санитарлық нормалар мен ережелерді) қолдана алады |
| | ОН 4 | Жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдылықтарын және оқу жазбасының жанрларын қосымша білім беру барысында өндірістік және ғылыми-зерттеу қызметінде пайдалана алады |
| | ОН5 | Экономикалық қажеттіліктерді жоспарлау және кәсіпорынның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, тамақ өндірісі процестерін модельдей алады |
| Сандық құзыреттіліктер | ОНЖББК3 | Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді |
| Кәсіби құзыреттіліктер | ОН 6 | Жасанды интеллектті пайдалана отырып, озық тамақ өнеркәсібі технологияларына негізделген жеке диеталар мен функционалды тағамдарды әзірлейді, сондай-ақ нормативтік талаптарға сәйкес шикізат пен дайын өнімнің сапасын бағалайды және бақылай алады |

| | | |
|---|---|---|
| | ОН 7 | Азық-түлік өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыру, кешенді логистикасы және өнімдерді сақтау бойынша практикалық міндеттерді шешу үшін кәсіби және ғылыми дағдыларды қолданады, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын пайдалана алады |
| | ОН 8 | Тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру объектілерінде қалдықтарды және қайталама шикізат ағындарын қайта өңдеуді және тиімді пайдалануды, экожүйені қалпына келтіру үшін энергияны үнемдейтін шешімдерді қолдануды ескере отырып, тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру объектілерінде өнімді шығарудың өндірістік және заманауи технологиялық процестерін ұйымдастырады, сондай-ақ экологиялық өнеркәсібінің элементтері бар эко-қаптаманы өндірудің технологиялық схемаларын әзірлей алады |
| | ОН 9 | Санитарлық нормаларды, өндірістік логистиканы және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының заманауи талаптарын, сонымен қатар тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтанудағы тиімді жұмысты ескере отырып технологиялық схемалар мен конструкторлық шешімдерді әзірлеу үшін қажетті кәсіби және практикалық дағдыларды пайдалана алады |

## 6 Білім беру бағдарламасы және модульдердің оқу нәтижелері

| Маңызды құзыреттіліктер | Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН) | Модуль атауы | Модуль ОН | Пән атаулары |
|---|---|---|---|---|
| Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | $ОН_{ЖББҚ1}$ Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады | Модуль 1 Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі | Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімдердің негізгі заңдылықтарын өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімделу үшін қолданады, қазіргі заманда ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады | Қазақстан тарихы |
| | | | | Философия |
| | | | | Дене шынықтыру |
| | | | | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) |
| | $ОН_{ЖББҚ2}$ Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады | Модуль 2 Ақпараттық-коммуникативтік модуль | Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасай алады | Шетел тілі |
| | | | | Қазақ (Орыс) тілі |
| Сандық құзыреттіліктер (Digital skills) | $ОН_{ЖББҚ3}$ Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді | | Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгереді | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар |
| | ОН 1 Экономика, құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері саласындағы құзыреттерді, сондай-ақ кәсіптік қызметте кәсіпкерлік дағдылар мен қаржылық сауаттылықты дамыта алады | Модуль 1 Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі | Негізгі экономикалық және құқықтық қағидаларды, қаржылық хабардарлықты пайдалана және мінез-құлықта азаматтық жауапкершілікті көрсете отырып, кәсіби қызметте экономика және құқық білімін, сондай-ақ кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық дағдыларын қолданады. | Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері) |
| Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | ОН 2 Математикалық талдау әдістерін, механика мен техниканың жалпы заңдылықтарын негізгі пәндерді табысты оқу және кәсіби қызметте пайдалану үшін қолдана алады | Модуль 3 Инженерлік-математикалық | Негізгі пәндерді сәтті оқу үшін математикалық талдау әдістерін және механика мен техниканың жалпы заңдарын қолданады. | Жоғары математика |
| | | | Механика және техника ғылымдарының теориялық негіздерін, олардың негізгі ұғымдары мен механикалық процестерді реттейтін заңдылықтарын білуін көрсетеді. | Инженерлік және компьютерлік графика |
| | ОН 3 Тамақ өндірісі саласындағы кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық | Модуль 4 Оқу-өндірістік | Микробиологиялық критерийлерді сипаттайды шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің қауіпсіздігі, сондай-ақ азық-түлік кәсіпорындары мен қоғамдық | Тамақ өнімдерін өндіруде микробиологиялық санитария және гигиена |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ;дағдыларды (негізгі санитарлық нормалар мен ережелерді) қолдана алады | | тамақтандыру объектілерін ұстауға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар | / Техникалық микробиология |
| | | | Бейорганикалық және органикалық химияның теориялық негіздері туралы білімдерін көрсетеді | Жалпы химия |
| | ОН 4 Жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдылықтарын және оқу жазбасының жанрларын қосымша білім беру барысында өндірістік және ғылыми-зерттеу қызметінде пайдалана алады | Модуль 5 Жаратылыстану-ғылыми | Бейорганикалық, органикалық, аналитикалық және физикалық коллоидтық, тағамдық химияның теориялық негіздерін, олардың негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын білуін көрсетеді, сонымен қатар тамақ өнімдерін өндіру кәсіпорындарында физика және химия заңдарын, процестерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді қолданады. | Аналитикалық және физколлоидты химия / Бейорганикалық химия |
| | | | | Тағам химиясы / Тамақ биохимиясы |
| | | | Ғылыми зерттеулердің негіздері туралы білімдерін көрсетеді. Ақпаратты ұсыну үшін академиялық жазу жанрларын пайдаланады | Ғылыми зерттеу негіздері |
| | ОН 5 Экономикалық қажеттіліктерді жоспарлау және кәсіпорынның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, тамақ өндірісі процестерін модельдей алады | Модуль 6 Ұйымдастыру-технологиялық | Негізгі пәндерді табысты оқу үшін тамақ өнімдерін өндіру кәсіпорындарында механика заңдарын, процестерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді қолданады. | Тағам өндірісінің үрдістері және аппараттары/ Жылу массасы, алмасу үрдістері / Жасанды интеллектке кіріспе (Minor) |
| | | | Тамақ өнімдерінің қасиеттерін, өнімді бөлу кезіндегі өзгерістерін сипаттайды | Азық-түлік өнімдерінің тауартануы |
| | | | Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын өңдеу әдістерін сипаттайды | Өнімдерді физикалық өңдеу әдістері /Өнімдерді өңдеудің заманауи физикалық әдістері |
| | | | Жалпы тағам технологиясы бойынша білімдерін көрсетеді | Азық-түлік өнімдерінің жалпы технологиясы |
| | | | Өндіріс деңгейін талдауға, кәсіпорынның тиімділігін бағалауға, шығындарды жоспарлау стратегияларын әзірлеуге және кәсіпорынның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру үшін бизнес-процестерді оңтайландыруға қабілетті. | Кәсіпорындағы экономика және жоспарлау |
| | | | Тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында тамақ өнімдерін өндіру және технологиялық жабдықтарды пайдалану дағдыларын көрсетеді | Өндірістік практика 1 |
| Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills) | ОН 6 Жасанды интеллектті пайдалана отырып, озық тамақ өнеркәсібі технологияларына негізделген жеке диеталар мен функционалды тағамдарды әзірлейді, сондай-ақ нормативтік талаптарға сәйкес шикізат пен дайын өнімнің сапасын бағалайды және бақылай алады | Модуль 7 Зерттеу | Жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі әдістемелерді қолданады, шикізат пен жартылай фабрикаттардың сапасын зерттейді және анықтайды. | Шикізат және азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау және бағалау / Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі |
| | | | Өндіріс жағдайында стандарттау және сертификаттау негіздері бойынша білімін көрсетеді | Кәсіпорындардағы стандарттау және сертификаттау / Тамақ өнеркәсібіндегі стандарттау және техникалық реттеу / Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу (Minor) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Тағамдық шикізатты өңдеудің физика-химиялық және биохимиялық принциптері, тамақ өндірісінің тиімділігін арттыру үшін тамақ өндірісінің технологиясының теориялық негіздері туралы білімін пайдаланады. | Нутрициология / Тағамдық қоспалар |
| | | | Тағамдық шикізаттың физика-химиялық және биохимиялық принциптері туралы білімін тағам өнімдерінің дәмін анықтау және сапасын анықтау мақсатында пайдаланады. | Дәм сараптау /Тағамды сенсорлық бағалау |
| | | | Кеден одағының заңнамалары мен техникалық регламенттерінің негізгі ережелерін, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарын білуін көрсетеді. | Азық-түлік қауіпсіздігі/Тамақ өнімдерін талдау әдістері |
| | ОН 7 Азық-түлік өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыру, кешенді логистикасы және өнімдерді сақтау бойынша практикалық міндеттерді шешу үшін кәсіби және ғылыми дағдыларды қолданады, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын пайдалана алады | Модуль 8 Технологиялық | Азық-түлік шикізаты мен азық-түлік өнімдерін ұзақ сақтау туралы теориялық білімдерін практикада қолданады | Тамақ өнімдерін сақтау технологиясы /Төмен температурадағы тағамдық технологиялар |
| | | | Қаптама технологияларын таңдау және қолдану, олардың тиімділігін бағалау және барлық кезеңдерде өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларына ие | Жасанды интеллект элементтері бар сүт және ет өнімдерін орау технологиясы / Жасанды интеллект элементтері бар сүт және ет өнімдерін орау технологиясы/ Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor) |
| | | | Қосалқы өнім шикізат ағындарын анықтап, жіктейді, ет, сүт және консервілеу өнеркәсібінде қалдықтарды қайта өңдеу мүмкіндіктерін бағалайды, компосттау, биоконверсия және нөлдік қалдықсыз технологияларды қолданады және биоқаптама мен экологиялық таза қалдықтарды қайта өңдеу шешімдерін таңдауды негіздейді. | Тамақ өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу |
| | | | Өндірістік ағындарды ұйымдастыру, шикізат пен дайын өнімнің логистикасы, сондай-ақ сүт және ет өнеркәсібі кәсіпорындарының, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін заманауи технологиялық шешімдерді енгізу саласында құзыреттер қалыптастырылады | Сүт және ет өнеркәсібіндегі кәсіпорындарды ұйымдастыру негіздері / Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының өндірісін ұйымдастыру |
| | | | Азық-түлік кәсіпорнында да, одан тыс жерлерде де логистикалық ағындардың қалыптасуы мен қозғалу процестерін оңтайландырады | Азық-түлік кәсіпорындарының кешенді логистикасы |
| | ОН 8 Тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру объектілерінде қалдықтарды және қайталама шикізат ағындарын қайта өңдеуді және тиімді пайдалануды, экожүйені қалпына келтіру үшін | | Тамақ өнімдерін өндіру және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында технологиялық өндіріс процесін ұйымдастырады. Кәсіби деңгейде аргументтерді тұжырымдап, өндірістік мәселелерді шешеді. Сапалы тамақ өнімдерін өндіруде академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңыздылығын түсінеді. | Ұлттық және шетел тағамдарының технологиясы / Technology of National Dairy and Meat Products |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | энергияны үнемдейтін шешімдерді қолдануды ескере отырып, тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру объектілерінде өнімді шығарудың өндірістік және заманауи технологиялық процестерін ұйымдастырады, сондай-ақ экологиялық өнеркәсібінің элементтері бар эко-қаптаманы өндірудің технологиялық схемаларын әзірлей алады | | Тамақ өндірісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттарды өндіру процестерінің технологиялық схемаларын жасайды. Кәсіби деңгейде аргументтерді тұжырымдап, өндірістік мәселелерді шешеді. Сапалы тамақ өнімдерін өндіруде академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңыздылығын түсінеді. | Консервілер және азық-түлік концентраттарының технологиясы / Консервілеу технологиясы |
| | | | | Ет және ет өнімдерінің технологиясы / Ұлттық ет өнімдерін өндіру технологиясы |
| | | | | Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы / Ашыған сүт өнімдері мен ірімшіктерді өндіру технологиясы |
| | | | Қоғамдық тамақтандыру өнімдерінің технологиясы бойынша практикалық дағдылар мен дағдыларды меңгереді, шикізатты ұтымды пайдалану, өнімнің жоғары сапасын, олардың тұтынушының өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заманауи идеялар тұрғысынан технологиялық процестерді жүргізу қажеттілігін түсінеді. | Қоғамдық тамақтану өнімдерінің технологиясы / Азық-түлік өнімдерінің инновациялық технологиялары |
| | | | Қалдықтарды басқару, экожүйелерді қалпына келтіру, қоршаған ортаға тәуекелдерді азайту, "жасыл экономикаға" инвестициялар, энергияны үнемдейтін технологиялар, сондай-ақ осы факторлардың өмір сапасына, білімге және халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкестігіне әсерін қоса алғанда, ұлттық стратегиялар мен бизнес-үдерістерге орнықты даму қағидаларының интеграциялану дәрежесін талдайды және бағалайды. | Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі |
| | | | Тамақ өнеркәсібінің әртүрлі салаларындағы технологиялық процестерді ұйымдастыру және жүргізу туралы білімін кәсіби қызметінде қолданады | Өндірістік практика 2 |
| | ОН 9 Санитарлық нормаларды, өндірістік логистиканы және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының заманауи талаптарын, сонымен қатар тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтанудағы тиімді жұмысты ескере отырып технологиялық схемалар мен конструкторлық шешімдерді әзірлеу үшін қажетті кәсіби және практикалық дағдыларды пайдалана алады | Модуль 9 Өндірістік-технологиялық | Ингредиенттердің құрамы мен қасиеттерін талдайды, жасанды интеллект және тамақ комбинаторикасы әдістерін қолдана отырып, көп компонентті өнімдердің формулаларын модельдейді және оңтайландырады, шикізатты таңдауды негіздейді. | Жасанды интеллект әдістеріне негізделген азық-түлік комбинаторикасы |
| | | | Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, тамақ өндірісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жабдықтарын басқарады | Тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық жабдықтары / Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының технологиялық жабдықтары |
| | | | Тамақ өнімдерін өндіру және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын жобалауға, қайта құруға және жабдықтауға қатысады білімдерін, дағдыларын қалыптастыру | Сүт және ет өнеркәсібі кәсіпорындарын жобалау / Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын жобалау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Тамақ өнімдерін өндіру және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының өндірістік шығындарын талдау және анықтау дағдылары бар | Сүт және ет өнеркәсібі кәсіпорындарындағы технологиялық есептеулердің негіздері / Қоғамдық тамақтану өнімдерін калькуляциялау негіздері |
| | | | Тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында жұмысты ұйымдастыру дағдыларын көрсетеді | Диплом алдындағы практика/ Өндірістік практика |
| | ОН 10 Теориялық және практикалық білімді, оқу дағдыларын оқудың соңында және кейінгі деңгейлерде оқуды жалғастыру кезінде, сондай-ақ тамақ өндірісіндегі кәсіптік қызметте қойылған оқу, практикалық және кәсіптік міндеттерді өз бетінше шешу үшін қолданады | Модуль 10 Қорытынды аттестаттау | Тамақ өндірісі және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары технологының, инженерінің және менеджерінің кәсіби қызметінің мақсаттарын, әдістемесін және әдістерін түсінеді, сонымен қатар тамақ өндірісінің технологияларын жетілдіру саласындағы ғылыми зерттеулерді қолданады. Оқытылатын білім беру бағдарламасы бейіні бойынша оқуды жалғастыруға дайындық кезінде алған дағдыларын қолданады. | Қорытынды аттестаттау |

## 7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы

| № | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредит тер саны | Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ОНжббқ1 | ОНжббқ2 | ОНжббқ3 | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 |
| Жалпы білім беретін пәндер циклі<br>Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Қазақстан тарихы | Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XX ғасырдың басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі қазақстандық даму моделін объективті пайымдау үшін тарихи процестерге аналитикалық, аксиологиялық және сыни талдау жасау дағдыларын қолданады. | 5 | + | | | | | | | | | | | |
| 2 | Философия | Пәннің мақсаты - білім | 5 | + | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алушыларда философияны дүниені танудың ерекше формасы ретінде түсінуді қалыптастыру және олардың болашақ кәсіби қызметі контексінде оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен зерттеу әдістері туралы тұтас түсінік беру. Пән философияның пайда болуы мен дамуының негізгі бағыттарын, әлемді философиялық түсінудің негіздерін, адам философиясы мен құндылықтар әлемін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзіндік адамгершілік ұстанымын негіздейді. | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | Дене шынықтыру | Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолданады. | 8 | + | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) | Пәннің мақсаты - қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән мазмұны | 8 | + | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология мәселелерін қамтиды, сонымен қатар заманауи қоғам дамуының іргелі негіздері ретінде инклюзия принциптері мен «Адал азамат» құндылықты бағдарларын біріктіреді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік-гуманитарлық білім мен этикалық құндылықтарды түсіндіреді, қоғамды талдаудың ғылыми әдістерін қолданып, қақтығыстарды шеше отырып, Қазақстанды жаңғырту мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде қорғайды. | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пән ақпаратпен жұмыс істеу негіздерін, цифрлық технологиялар мен компьютерлік жүйелерді; бағдарламалық қамтамасыз етуді, интернет-сервистерді, АКТ-ны кәсіби және зерттеу қызметінде қолдануды; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және жасанды интеллект технологияларын зерттейді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасайды. | 5 | | | + | | | | | | | | | |
| 6 | Шетел тілі | Пәннің негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін | 10 | | + | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Пәннің мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби қарым-қатынас орталарын интеграциялау арқылы тілді меңгеру деңгейлерін сатылы түрде зерделеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы негізделген ақпаратты пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады. | | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | Қазақ (Орыс) тілі | Пәннің мақсаты - қазақ (орыс) тілін оқытудың халықаралық стандартына сай білім беру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін мәдениетаралық әрі кәсіби іс-қимыл тілі ретінде, маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ (орыс) тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдану құзіреттілігін қалыптастыру. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытады. | 10 | | + | | | | | | | | | | | |
| 8 | Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық | Пән нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп | 5 | | | | + | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері) | қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді. | | | | | | | | | | | | | |
| Базалық пәндер циклі<br>Жоғары оқу орны компоненті | | | | | | | | | | | | | | | |
| 9 | Жоғары математика | Пән жоғары математика негіздерін қалыптастыру, типтік есептерді шешудің математикалық әдістерімен таныстыру және оларды іс жүзінде қолдану мақсатында оқытылады. Пәннің мазмұны сызықтық және векторлық алгебра элементтері, математикалық талдау, ықтималдықтар теориясы бойынша теориялық және практикалық тапсырмаларды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қолданбалы есептерді математикалық модельдерді құру арқылы шешеді. | 5 | | | | | + | | | | | | | |
| 10 | Жалпы химия | Пән химиялық жүйелер мен процестер туралы базалық білімді қалыптастыруға бағытталған. Оның құрамына атомның құрылымы, кезеңдік заң, химиялық байланыс теориясы, термодинамика және химиялық реакциялар кинетикасы негіздері, ерітінділердің қасиеттері және электролиттік диссоциация кіреді. Металдардың химиялық қасиеттері мен коррозиялық процестерге ерекше назар | 5 | | | | | | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аударылған. Пәнді меңгеру конструкциялық материалдардың қасиеттерін талдау және технологиялық ортадағы физикалық-химиялық өзгерістерді түсіну үшін химиялық заңдарды қолдану қабілетін қамтамасыз етеді. | | | | | | | | | | | | | |
| 11 | Инженерлік және компьютерлік графика | Пән дәстүрлі және сандық әдістерді қолдана отырып, инженерлік нысандарды графикалық модельдеу, жобалау және көзбен шолу бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сызу негіздерін, техникалық құжаттама стандарттарын, компьютерлік 2D- және 3D-модельдеуді, автоматтандырылған жобалау жүйелерінің графикалық құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби қызметте нысандарды талдау, көзбен шолу және рәсімдеу үшін инженерлік сызбалар мен 3D-модельдерді жобалайды. | 6 | | | | | + | | | | | | | |
| 12 | Ғылыми зерттеу негіздері | Пән ғылыми білімнің әдіснамалық негіздері және ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру принциптері туралы білімді дамытуға бағытталған. Мазмұны теориялық, эмпирикалық және метатеориялық зерттеу әдістерін, теория элементтерін, ғылыми және техникалық шығармашылық әдіснамаларын, зерттеу бағытын таңдауды және зерттеу кезеңдерін қамтиды. Пәнді оқу нәтижесінде тамақ технологиясы саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады. | 5 | | | | | | | | + | | | | |
| 13 | Азық-түлік өнімдерінің | Пән қазіргі заманғы азық-түлік нарығы, азық-түлік | 5 | | | | | | | | | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тауартануы | өндірісіндегі ғылыми және технологиялық жетістіктер, сапа және тағамдық құндылық туралы білімді дамытады. Ол қазіргі заманғы азық-түлік нарығының сипаттамаларын, азық-түлік өндірісіндегі ғылыми және технологиялық жетістіктерді, сапа көрсеткіштерін және тағамдық құндылығын қамтиды. Пәнді оқу нәтижесінде қазіргі заманғы азық-түлік нарығының сипаттамаларын, олардың сапасы мен тағамдық құндылықтарының көрсеткіштерін талдайды. | | | | | | | | | | | | | | |
| 14 | Тағам химиясы | Пән тамақтану ғылымы саласындағы білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған, соның ішінде қоректік заттарды, олардың тұтынылуын, сіңуін, метаболизмін және энергия алмасуындағы рөлін зерттеу. Пән тамақтанудың физиологиялық және әлеуметтік аспектілерін, тағам таңдауына әсер ететін факторларды, сондай-ақ тамақтану эпидемиологиясының негіздерін және диета мен денсаулық арасындағы байланысты қамтиды. Игеру нәтижесінде шикізаттың, жартылай фабрикаттардың, аспаздық өнімдер мен тағамдардың химиялық құрамын зерттеуге бағытталған зерттеулер жүргізеді. | 5 | | | | | | | + | | | | | | |
| 15 | Азық-түлік өнімдерінің жалпы технологиясы | Пән жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып, тамақ өндірісі процестерін әзірлеу және оңтайландыру бойынша білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған. Пән шикізатты, өңдеу әдістерін, сапаны бақылауды және тамақ | 5 | | | | | | | | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қауіпсіздігін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде тамақ өнімдерін өндірудің заманауи технологияларын талдайды. | | | | | | | | | | | | | | |
| 16 | Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі | Пән экономикалық даму, қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты, қоршаған ортаны сақтау және адамның өмірі мен денсаулығын қорғау арасындағы тепе-тендікті қамтамасыз ету принциптері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Ол экология, қоршаған ортаны қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және тұрақты даму мәселелерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы циркулярлы экономика жағдайында энергияны және қалдықтарды басқару міндеттерін шешу кезінде тұрақты даму, экологиялық қауіпсіздік және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі принциптерін қолданады. | 5 | | | | | | | | | | | | + | |
| 17 | Кәсіпорындағы экономика және жоспарлау | Пән кәсіпорынның жұмыс істеу принциптері мен оның экономикалық қызметін жоспарлау туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны кәсіпорын қызметінің экономикалық негіздерін, өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді жоспарлауды, негізгі құралдар мен айналым капиталын пайдалануды, еңбек ресурстарын жоспарлауды, өзіндік құнды қалыптастыруды және кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық есептеулер негізінде жоспарлы шешімдерді қабылдай алады. | 3 | | | | | | | | | + | | | | |
| Базалық пәндер циклі<br>Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 18 | Тамақ өнімдерін | Пән микробиология, санитария | 4 | | | | | | + | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | өндіруде микробиологиялық санитария және гигиена | және тамақ гигиенасы салаларындағы білімді дамытуға арналған, олардың барлығы тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Пән тамақ өндірісіндегі микроорганизмдерді, микробиологиялық ластану көздерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды және микробиологиялық бақылау әдістерін қамтиды. Бұл пәнді меңгеру студенттерге тамақ өндірісінде микробиологиялық бұзылудың алдын алу және санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Оқу нәтижесінде білім алушылар ластануды анықтайды және санитарлық талаптарды сақтайды. | | | | | | | | | | | | | | |
| 19 | Техникалық микробиология | Пән микроорганизмдердің өндірістік процестердегі рөлі, шикізат пен өнімнің биохимиялық өзгерістері, микробиологиялық қауіпсіздік факторлары және оны қамтамасыз ету әдістері туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны тамақ өндірісінің микроорганизмдері, өсіру және бояу әдістері, санитарлық бақылау және алдын алу шаралары кіреді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін санитарлық бақылау әдістерін қолдана отырып, микробиологиялық процестерді бағалайды. | 4 | | | | | | | + | | | | | | |
| 20 | Аналитикалық және физколлоидтық химия | Пән химиялық процестердің физикалық негіздерін, дисперстік жүйелердің қасиеттерін және беттік құбылыстарды зерттеуге бағытталған. Пәннің мазмұны | 5 | | | | | | | | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | химиялық термодинамиканы, химиялық кинетиканы, фазалық тепе-теңдіктерді, электрохимияны, ерітінділердің қасиеттерін, коллоидтық жүйелердің классификациясын, дисперстік жүйелердің тұрақтылығын, беттік құбылыстар мен адсорбцияны қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы термодинамика, кинетика және коллойдтық химия әдістері негізінде процестердің физика-химиялық заңдылықтары мен дисперстік жүйелердің қасиеттерін талдайды. | | | | | | | | | | | | | | |
| 21 | Бейорганикалық химия | Пән бейорганикалық заттардың құрылысын, қасиеттерін және реакциялық қабілетін, химиялық реакциялардың жүру заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. Пәннің мазмұны периодтық заңды, атом құрылысын, химиялық байланысты, бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі мен қасиеттерін, химиялық реакциялардың негізгі түрлерін, элементтер мен олардың қосылыстарының қасиеттерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы технологиялық пайдалану үшін бейорганикалық заттардың құрылысы мен қасиеттерін және олардың реакциялық қабілетінің заңдылықтарын анықтайды. | 5 | | | | | | | | + | | | | | |
| 22 | Өнімдерді физикалық өңдеу әдістері | Тамақ өндірісінде физикалық өңдеу әдістерін қолдану туралы білім. Бұл курс жоғары және аса жоғары жиілікті электр тогын, инфрақызыл сәулеленуді, электр өрістерін, контактілі өңдеу әдістерін, ультрадыбысты, импульстік технологияларды және тамақ | 5 | | | | | | | | | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өндірісінде инженерлік физикалық және химиялық механиканың негіздерін қолдануды қамтиды. Оқу нәтижесінде тамақ өнеркәсібінің процестерінде заманауи физикалық әдістерді қолданады. | | | | | | | | | | | | | | |
| 23 | Өнімдерді өңдеудің заманауи физикалық әдістері | Бұл курс заманауи тамақ өнімдерін өңдеу әдістері және олардың қасиеттерін зерттеу туралы білімді дамытумақсатында оқытылады. Ол шикізат пен дайын өнімді талдау әдістерін, физикалық және химиялық қасиеттерді өлшеуді, аспаптар технологиясын және технологиялық процесс принциптерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде заманауи технологиялардың әдістерін меңгерген. | 5 | | | | | | | | + | | | | | |
| 24 | Тағам өндірісінің үрдістері және аппараттары | Пән тамақ өнімдерін өңдеуге арналған машиналар мен жабдықтарды рационалды жобалау, есептеу және пайдалану туралы білімді дамытуға арналған. Мазмұны тамақ технологиясының негізгі процестерін, машиналар мен жабдықтарды жобалауды және тиімді өнеркәсіптік пайдалану принциптерін қамтиды. Бұл пәнді меңгеру студенттерге жоғары өнімділік пен өнім сапасын қамтамасыз ету үшін технологиялық жабдықтарды жобалау және пайдалану дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқу нәтижесінде білім алушылар, тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттарын жобалайды. | 5 | | | | | | | | + | | | | | |
| 25 | Жылу массасы, алмасу үрдістері | Курс өсімдік және жануар шикізатын өңдеу кезіндегі жылу және масса алмасу процестері туралы білімді дамыту мақсатында | 5 | | | | | | | | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оқытылады. Курс жылу және масса алмасу принциптерін, технологиялық жабдықтардың түрлерін және оларды тамақ өндірісі желілерінде қолдану ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгергеннен кейін білім алушылар кәсіби қызметте жылу-масса алмасу процестерін қолданады. | | | | | | | | | | | | | | |
| 26 | Жасанды интеллектке кіріспе (Mipor) | Пән жасанды интеллект принциптері мен әдістері туралы базалық түсініктерді қалыптастыруға, кәсіби міндеттерді шешуде интеллектуалды технологияларды қолдануға бағытталған. Пәннің мазмұны жасанды интеллекттің даму кезеңдерін, машиналық оқыту негіздерін, нейрондық желілер элементтерін, деректерді өңдеу әдістерін, интеллектуалды жүйелерді және жасанды интеллект технологияларының қолдану салаларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби қызметтің түрлі салаларында жасанды интеллект технологияларын қолданады. | 5 | | | | | | | | | + | | | | |
| 27 | Тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық жабдықтары | Пән конструкцияларды ұтымды таңдауды, технологиялық процестерде қолданылатын машиналар мен жабдықтарға есептеулерді есептеуді және өнімділікті минималды шығындармен және жоғары өнім сапасымен барынша арттыруға бағытталған өнеркәсіптік пайдалану әдістерін меңгеруді үйретуге арналған. Онда тамақ технологиясының негізгі процестері, машиналар мен жабдықтарды жобалау және пайдалану принциптері, сондай-ақ оларды тиімді пайдалану әдістері | 5 | | | | | | | | | | | | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарастырылады. Оқыту нәтижесінде білім алушылар тамақ өнімдерінің жоғары өнімділігі мен сапасын қамтамасыз ете отырып, технологиялық жабдықты пайдаланады. | | | | | | | | | | | | | | |
| 28 | Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының технологиялық жабдықтары | Курс тамақтандыру қызметі жабдықтары туралы білімді және өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды ұтымды таңдау және пайдалану дағдыларын дамытуға арналған. Курс тамақтандыру қызметі өндірістік процестерінде қолданылатын негізгі және қосалқы жабдықтардың дизайнын, жұмыс принциптерін, техникалық сипаттамаларын және мақсатын қамтиды. Пәнді игергеннен кейін қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында жабдықтардың түрлерін пайдалана алады. | 5 | | | | | | | | | | | | | + |
| 29 | Шикізат және азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау және бағалау | Курс болашақ мамандарға ет, сүт өнімдері, консервілер, жартылай фабрикаттар, аспаздық және кондитерлік өнімдер мен сусындар сияқты тамақ өнімдерін өндіру және тамақтандыру мекемелерінің сапасын бақылаудың теориялық негіздері мен практикалық дағдыларын үйретуге арналған. Онда санитарлық-гигиеналық бақылаудың мақсаттары, функциялары және әдістері, нормативтік база, сондай-ақ сапа көрсеткіштерін өлшеу және өнім деректерін талдау әдістері қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде ақаудың себептерін анықтау үшін өндіріс жағдайында бақылау әдістерін қолдана отырып, өнімнің сапасын | 5 | | | | | | | | | | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бағалайды.ынша құзыреттіліктерді дамытуға көмектеседі. | | | | | | | | | | | | | | |
